# 2 хаттама

2023 жылдың 3 қарашадағы „Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-нің педагогикалық кеңес хаттамасы.

Қатысуға тиісті:
Қатыспағандар:
Себепті:
Себепсіз:

## Күн тәртібінде:

Тақырыбы: „Оқушылардың семантикалық сфера-сының тұлғалық өзіндік даму құралы

ретінде қалыптасуы"

Мақсаты: Білім беру процесінде және сыныптан тыс уақытта оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ынталандыру бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау.

1. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша 1-тоқсанда атқарылған жұмыстарын қорытындылау және талдау. (Мектеп директоры м.а. Б. Абдрахманов)

2. Оқушылардың жеке өзіндік даму құралы ретінде семантикалық сфераның қалыптасуы. (Баяндама) (Ибрагимова А.М)

3. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу. (ДТІЖО: Ибрагимова А.М)

4. „Алтын белгі", „Үздік аттестатқа" үміткерлер ұсыну." (Оспанов Д.К)

5. 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және 1-тоқсанға арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуі туралы. (Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері)

6. Аттестациядан өтетін қызметкерлердің тізімін ұсыну, аттестаттау комиссиясын құру, бекіту. (Кошекбаева Г.А)

7. Бейімдеу кезеңінде оқушылардың жаңа тақырып-

тарды меңгерудегі қиындықтарын анықтау.
(1,5,10 сыныптар) (Мектеп жиналысы)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі жиналысты мектеп директорының міндетін атқарушы Абдрахманов Б.А таныстырып шыққаннан соң, бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Өтениязова сөйледі. 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсанында 2 сыныптан 11-сыныпқа дейінгі аралықта 1-сыныпты есептемегенде 272 оқушыға баға қорытылғанын айтты. 2ᵃ сыныбында 17 оқушы, содан 5 оқушы үздік, 5 оқушы екпінді. Үлгерімі-100%, сапасы 59%. 2ᵈ сыныбында 16 оқушы, үздігі 8 оқушы, екпінді 4 оқушы. Үлгерімі-100%, білім сапасы - 75%. 3ᵃ сыныбында 15 оқушы, үздігі 3 оқушы, екпінді 6 оқушы. Үлгерімі-100%, сапасы-64%. 3ᵈ сыныбында 15 оқушы, оның ішінде үздігі 5 оқушы, екпінді 7 оқушы. Үлгерімі-100%, сапасы-70%. 4ᵃ сыныбында барлығы 13 оқушы, содан 3 үздік, 4 екпінді бар. Үлгерімі-100%, сапасы 50%. 4ᵈ сыныбында 15 оқушы бар. 5 оқушы үздік, 7 оқушы екпінді. Үлгерімі-100%, сапасы-80%.
5 сыныпта барлығы 25 оқушы. Үздік 3 оқушы, екпінді 6 оқушы. 6ᵃ сыныбында 18 оқушы, оның ішінде 4 үздік, 6 екпінді. Үлгерімі-100%, сапасы-56%. 6ᵈ сыныбында 16 оқушы. Үздік - 6 оқушы, екпінді - 6 оқушы. Үлгерімі 100%, сапасы - 75%. 7ᵃ сыныбында 17 оқушы. Оның

3 оқушы үздік, 6 оқушы екпінді. Үлгерімі - 100%, сапасы 53%. 7 ә сыныбында 12 оқушы, үздігі 1 оқушы, екпінді 5 оқушы. Үлгерімі - 100%, сапасы - 50%.
8 а сыныбында 13 оқушы бар. 1 оқушы үздік, 9 оқушы екпінді. Үлгерімі - 100%, сапасы - 77%. 8 ә сыныбында 15 оқушы. Оның ішінде 2 үздік, 7 оқушы екпінді. Үлгерімі - 100%, білім сапасы - 60%. 9 сыныпта барлығы 27 оқушы бар. 1 оқушы үздік, екпінді - 13 оқушы. Үлгерімі - 100%, сапасы - 52%. 10 а сыныбында 14 оқушы. Оның ішінде 4 оқушы үздік, 7 оқушы екпінді. Үлгерімі - 100%, сапасы - 78%. 10 ә сыныбында 13 оқушы бар. Оның 4 оқушысы үздік, 5 оқушы екпінді. Үлгерімі - 100%, сапасы - 69%. 11 сыныпта барлығы 11 оқушы. Үздік 2 оқушы, екпінді 3 оқушы бар. Үлгерімі - 100%, сапасы - 55%. Мектепте 1 - тоқсан аяғында даярлық сыныбында 34 оқушы оқыды.

Осы іс-шараны жоспар бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. М. Ибрагимова жалғастырды. 1 қазан Ұстаздар күні мен Қарттар күніне орай „Ұстазым саған арнаймын" атты ардагер ұстаздардың қатысуымен концерттік бағдарламаны 11 сынып оқушылары ұйымдастырды. Бағдарлама барысында оқушылар өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға және ардагер ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді.

1-4 сыныптар арасында „Қарты бар үйдің - қазынасы бар" тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: кез келген салада, білім мен ғылым- 
да болсын жетістікке жеткен жан әрқашан өзінің
алғашқы ұстазын еске алатыны белгілі. 3 қазан
күні мектебімізде Дублер күні өтті. Осы күні
11 сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалім-
дерді алмастырды.
26 қазан күні „Ұлттық мектеп лигасы" бағдарлама-
сындағы 9-11 сынып оқушылары арасында мектебі-
мізде ауданның мектептер арасында ұлттық спорт
ойындарынан жарыс ұйымдастырылды. Жарыстың
мақсаты: ауданымыздың мектеп оқушылары ара-
сында ұлттық спортты насихаттау, мектеп жа-
сындағы оқушыларды асық ату, бес асық, тоғызқұ-
малақ ұлттық спортты дамыту, спортқа баулу,
ұлттық ойынға баулу екенін айтып өтті.
Екінші кезеңде баяндама А.М. Ибрагимова сөзін
жалғастырды. Қазіргі жаңа мектептің моделін
құрудың біртұтас жолын іске асыруға бағдарлан-
ған жалпы орта білім беруді жаңарту мен
жаңғырту стратегиясы ең басты нәтиже ретінде
оқушының өзіндік дамуы мен өзін-өзі басқару
қабілетін дамытуды, таным әрекетінде өзара
ықпалдастыққа дайындығын көрсетеді. Еліміздің
беру жүйесіндегі білім мазмұнын жаңғырту процесі
оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға түбірлі өзгеріс-
тер енгізуде. Солардың ішінде оқушының өзіндік
жұмысын ұйымдастыруына жағдай жасау мектептің
негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Баланың оқу кезеңдеріне сай дамуындағы өзгерістер оның өзіндік іс-әрекетіне тікелей байланысты. Бала қоршаған ортаның ықпалымен өзінің іс-әрекетіне тікелей байланысты. Өзіндік жұмыс терең де берік білім алу құралы бола отырып, оқушының азамат ретінде өмірден өз орнын табуға кепіл бола алады.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. М. Ибрагимова сөйледі. Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-де 2023-2024 оқу жылында Діни экстремизмнің алдын алу бойынша 9-сынып оқушыларымен тарих пәнінің мұғалімі Ж. Байжуманова „Деструктивті діни ағымдар қызметінің көріну қаупі, мәні және формалары" тақырыбында кездесу өткізді. Кездесуде конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының маманы Арман Жапаров қатысты. Шара барысында оқушылар діни экстремизм және терроризмге қарсы күрес бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салды. Орталық өкілі ауданымыздағы діни ахуалды тереңірек түсіндіріп, терроризмге қарсы күрес жұмыстары жөнінде әңгімелеп берді. Кездесу соңында оқушыларға дін саласы бойынша туындайтын сұрақтар, мәселелер бойынша жадынамалар таратылды.

Төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. А. Өтениязова сөз

алды. 11-сыныптың 1-тоқсан қорытындысын айта келе сынып жетекшісі Оспанов Д. К-ға сөз берді. 11-сыныптың бір оқушысы Бахтияр Назерке „Алтын белгіге", Құрман Дінназ „Үздік аттестатқа" ұсынылғанын, яғни аудан білім бөліміне ұсыныс жасалғандығы туралы және құжаттарын қарау керектігін айтты.

Бесінші мәселе бойынша

„Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ 2022-2023 оқу жылындағы олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыс жүргізілгені туралы айтылды. Жүргізілген жұмыстар таныстырылып, I тоқсан қорытындысы бойынша жаңа оқу жылына жоспар құрылды. Мақсаты: білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру. Міндеттері: білім алушылардың үлгеріміне мектепішілік мониторинг жүргізу; білім алушылар үлгерімінің төмен болуына әсер ететін факторлар мен себептерді анықтау. Күтілетін нәтиже: білім алушылардың меңгеруі үшін қиындық тудыратын жекелген бөлімдерде, тақырыптарды тереңдете отырып, қысқа мерзімді жоспарларды әзірлейді. Пән мұғалімдері I тоқсанның I аптасы бақылау, тест жұмыстары арқылы кіріс бақылау жұмыстарын жүргізді. Олқылықтары бар оқушылардың тізімі жасалып, топтастырылғаны

атап өтті. Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін және сәйкес келмейтін өткен оқу жылдарының күрделі тақырыптары мен оқу мақсаттары анықталды.

Алтыншы мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.А. Көшекбаева сөз алды. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында аттестаттаушы мұғалімдердің тізімі:

1. Абишева Сармия Бекхожиновна (физика)
2. Куттыбаева Бахыт Ержановна (орыс тілі)
3. Асханбай Жанболат (дене шынықтыру)

Биылғы жылы №533 бұйрыққа өзгеріс енуіне байланысты педагогтарды аттестаттауды №533 бұйрыққа өзгеріс енуіне байланысты, педагогтарды аттестаттауды 2023 жылы (қыркүйек - желтоқсан) аралығында тапсыратын мұғалімдердің қолда бар санаты сақталып, 2024 жылдың қаңтар - маусым кезеңіне ауыстырылды.

1. Казанбаева Анаргуль Абаевна (бастауыш сынып)
2. Отениязова Аксана Алдабаевна (бастауыш сынып)
3. Ибрагимова Анар Маратовна (музыка)
4. Нурашева Дільдаш Куттаевна (химия)
5. Байжуманова Жумагуль Уалихановна (тарих)
6. Имантаева Айбат Конысбаевна (баст. сынып)
7. Жанабекова Гульмира Базековна (технология)
8. Олжабек Сайран (бастауыш сынып)
9. Оспанов Дулат Кенжебекович (информатика)

10. Серикбаева Балзия Назарбековна (баст. с)
11. Кайбагарова Зухра Тахтаровна (тәрбиеші)
Осы мұғалімдер жыл басында өткізілетін ашық сабақтарына жоспар құрып, мектеп жиынтығы сабақтарына қатысты және де инстаграм парақшаларына жарияланды.
Атап өтетін болсақ, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Асқанбай Жанболат 20.10.2023 6-сыныппен „Пионербол ойынының ережелері мен екі жақты ойын", бастауыш сынып мұғалімі А. Қоныспаевна 30.11.2023 ж, 07.12.2023ж аудандық семинарда 2[ә] сыныбымен „Уақыт. Уақыттың өлшем бірлігі", орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бахыт Ержановна 8[а] сыныппен А. И. Мусатов „Как хлеб на стол пришел", бастауыш сынып мұғалімі Айбат Қоныспаевна 2[ә] сыныппен „Сұраулы сөйлем" кіріктірілген сабақ, Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі Өлжабек Сайран 2[а] сыныппен „Сандарды рим цифрларымен жазу", музыка пәнінің мұғалімі Анар Маратовна 3[а] сыныппен „Біздің оркестр" шеберлік сағаты, әдебиеттік оқу пәнінен бастауыш сынып мұғалімі Зергуль Жубандыковна „Ата-баба мұрасын құрметтейміз" шеберлік сағаты, информатика пәнінің мұғалімі Дулат Кенжебекович „Білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану тәсілдері" тренинг, „Авторлық бағдарла-

ма" және "Зерде" жобалар байқауы бойынша Сария Бекжановна, Анаргүл Абаевна, Ақжана Алдабаевна мұғалімдердің озық іс-тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қоса мұғалімдер портфолиосын жинақтауды бастап жіберді бес жылдық жетістіктерін әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып, өңделіп жатыр.
Жетінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А. Өтениязова сөз алды. Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында 1ᵃ сыныбында - 17 оқушы, сынып жетекшісі - Казанбаева Анаргүл Абаевна, 1ᵇ сыныбында 18 оқушы, сынып жетекшісі - Касымова Динара Канатовна. Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда, сынып жетекшісі толтырады.
Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл-күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді. Мектептің оқу-тәрбие жұмыс жоспары бойынша қыркүйектің 15-27 аралығында бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау әкімшілік тарапынан жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағ-

қайда деген қорытынды жасалды. Бесінші сыныпта бейімделу кезеңі олардың мектептегі оқытудың қиын кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл мектеп ортасында және осы жастағы балалардың ішкі әлемінде орын алатын мазмұндық өзгерістер жиынтығымен байланысты.

Қазан айының қорытынды есебі бойынша мектептегі жалпы оқушы саны - 339, оның ішінде 5 - сыныптардың оқушы саны - 25. 10 сынып жаратылыстану - математикалық бағытты таңдаған оқушы саны - 27. Осы сыныптарда қыркүйек - қазан айларында оқу сабақтарын денсаулығы бойынша себепсіз босатқан оқушылардың жалпы саны - жоқ. Мұғалімдердің жұмыс жүс-темелерін танысылды. 10 "а" сыныптың сынып жетекшісі - Күттыбаева Бахыт Ержановна, 10 ә сынып жетекшісі - Ерлан Мөлдіргүл. Сыныптарда 27 оқушы, 78%, 69% білім сапасын көрсетіп отыр. 5 сыныбының сынып жетекшісі Касымова Салтанат Шортанбаевна.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 1-тоқсанда ең төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптар 5-сынып, 4 а сынып бақылауға алынсын Пән мұғалімдері қосымша сабақ ұйымдастырсын және ата-аналары мен сынып жетекшілері ара-

сындағы қарым-қатынас нығайтылсын.

2. Ибрагимова Анар Маратовнаның оқыған баяндамасы назарға алынсын.

3. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.

4. «Алтын белгіге», «Қызыл аттестатқа» үміткерлердің құжаттары тексеріліп, аудандық білім бөліміне қатынас хат жіберілсін.

5. 2022-2023 оқу жылындағы білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтың орнын толтыру қанағаттанарлық деп танылып, жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыс жалғастырылсын.

6. Аттестацияны мұғалімдердің оқыту деңгейі бақылансын, құжаттары тексерілсін.

7. 1,5,10 сынып оқушыларының бейімделілігі қалыпты, бақылау әлеуметтік педагогқа жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Б. Абдрахма...

Хатшысы: А. Имантае...